

## Алғы сөз

«Мемлекеттік саясат» кітабының сегізінші басылымында саясатты қалыптастыру процесі функционалдық іс-әрекеттердің циклі ретінде ұсынылады. Бұл цикл проблеманы анықтаудан және күн тәртібін белгілеуден басталып, саясатты жалғастыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға себепкер болуы мүмкін саясатты бағалау процесі арқылы жалғасын табады. Проблеманы шешудің баламаларын іздеу кезінде осы цикл қайта басталуы мүмкін.

Саяси цикл схемасы – АҚШ-та немесе басқа елдерде болсын, мемлекеттік саясатты қалыптастыруды зерттеу мен талдауға қолданылатын икемді тәсіл. Сондай-ақ кітапта саясатты қалыптастырудың басқа тәсілдері де (мысалы, топ теориясы мен элита теориясы) қарастырылады; басқа елдердегі іс-әрекеттермен салыстыру жүргізіледі және парламентте көпшілікті қалыптастыру, пайда-шығын талдауы және саясатты қалыптастырудың шешім қабылдау секілді кейбір аспектілері талқыланады.

Кітаптың жетінші басылымы жарыққа шыққалы бері, АҚШ үкіметі мен мемлекеттік саясатында әртүрлі маңызды өзгерістер мен оқиғалар болды. Ұлттық бюджет тапшылығы Ұлттық рецессияға байланысты күрт өсіп, кейіннен төмендей бастады. «Науқастарды қорғау және қолжетімді медициналық көмек туралы» Заң (*Patient Protection and Affordable Care Act*) және «Уолл-Стритті реформалау және тұтынушыларды қаржылық қорғау туралы» Заң (*Wall Street Reform and Consumer Financial Protection Act*) қабылданды. 2008 жылы Конгрестің екі палатасында да жеңіске жеткен Демократиялық партия, 2010 жылы Өкілдер палатасында ішінара Шай партиясына байланысты, республикашылдардан жеңілді. Америкалықтардың Ирактағы ұзақ уақытқа созылған соғысы аяқталды, бірақ ол елдегі зорлық-зомбылық аяқталған жоқ. АҚШ-тың араласуымен ұзаққа созылған Ауғанстандағы соғыс қазір аяқталып жатыр. 2012 жылы сайлауда президент Барак Обама екінші рет жеңіске жетті.

Обама әкімшілігі бұрынғы Джордж Буш әкімшілігіне қарағанда солшыл көзқарасқа жақын. Конгресте саяси партиялардың бөлінісі күшейе түсті. Республикашылдардың, әсіресе Өкілдер Палатасында «Обама» деп аталатын кез келген нәрсеге қарсылығының күшеюі Конгресс жұмысын тығырыққа тіреді.

Саясатты қалыптастыру процесінің негізгі құрылымы бұрынғыдай болып қалуда. Алайда кейінгі бірнеше жылда саяси циклға қатысты маңызды өзгеріс болған жоқ. Соған қарамастан, саяси цикл тәсілінің пайдалы болып қала беретініне сенемін. Мысалы, оны Обама әкімшілігінде жиі

қолданылған атқарушы биліктің саясатты қалыптастыруын талдауда қолдануға болады.

Аты айтып тұрғандай, «Мемлекеттік саясат» кітабы саясатты қалыптастыру процесінің барлық сатылары мен кезеңдеріне тоқтала отырып, мемлекеттік саясатты қалыптастыруды зерттеудің негізгі кітабы болуды мақсат еткен. Әртүрлі кезеңдерді тереңірек зерттегісі келетіндер үшін әр тараудың соңында ұсынылған оқулықтар мен веб-сайттар пайдалы болады. Саяси процесті ондаған жылдар бойы зерттесем де үйренетін нәрселерім көп.

Стратегия мен саясатқа қатысты өзіндік пікірлерім болғанына қарамастан, осы кітапта қарастырылған көптеген тақырыптарға қатысты бейтарап және объективті болуға тырыстым. Бұл кітапты жазуда «бейтараптылық» қағидатына сәйкес әрекет етіп, айтарлықтай жетістікке жеттім деп ойлаймын. Менің мақсатым үгіт-насихаттан гөрі, талдау және оқыту болды.



## Ұйымдастыру және толықтыру

Кітаптың осы басылымында, әсіресе АҚШ-тағы ұлттық деңгейдегі мемлекеттік саясатты қалыптастырудағы жаңа оқиғаларды ескере отырып, көптеген өзгертулер, толықтырулар, қосымшалар енгізіп, бірнеше жерін алып тастадым. Мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысты жаңа ғылыми әдебиеттерді де пайдаландым. Кітаптың негізгі құрылымы өзгеріссіз қалды.

«Мемлекеттік саясатты зерттеу» деп аталатын 1-тарауда бөлу саясаты, элита теориясы және «Уолл-Стритті реформалау және тұтынушыларды қаржылық қорғау туралы» Заңға қатысты әртүрлі саяси тәсілді қолдану туралы жаңа материалдар бар.

«Саясаткер және оның ортасы» атты 2-тарауда саяси органы немесе саясатты қалыптастырудың мәні зерттеліп, саяси процестің ресми және бейресми қатысушылары талқыланды. Саяси мәдениет, әлеуметтік өзгерістер, президент және медиа туралы материалдар қосылды. *Percina tanasi* тұқымдас балығы туралы кейс-стадиді сол күйінде қалдырдым, өйткені бұл кейс-стади ескі болса да, пайдалы.

«Саясатты қалыптастыру» атты 3-тарауда саяси проблемалар мен күн тәртібі, күн тәртібін анықтау процестері мен саяси ұсыныстарды тұжырымдау (немесе жасау) мәселелері қарастырылады. Олар саяси процестегі саяси шешім қабылдауға дейінгі кезеңдер. Мұнда саяси проблемалар, проблеманы анықтау, күн тәртібінен бас тарту, көмір шахталарының қауіпсіздігі мен ластануын бақылауды жаңарту және «Қолжетімді медициналық көмек туралы» Заң (*Affordable Care Act*) туралы кейс-стадиге қатысты жаңа материалдар бар.



«Саяси шешім қабылдау» атты 4-тарау шешімдер қабылдау процедуралары мен критерийлеріне және саяси шешім қабылдау кезеңіне арналған. Мұнда қоғамдық пікір АҚШ Сенатындағы әрекеттер және Израильде өткен сайлауға қатысты жаңа немесе жаңартылған материалдар бар. «Отбасында темекі шегудің алдын алу және темекіні бақылау туралы» Заңға (*The Family Smoking Prevention and Tobacco Control Act*) қатысты жаңа кейс-стади қосылды.

«Бюджетті қалыптастыру және мемлекеттік саясат» атты 5-тарауда мемлекеттік саясаттың мәні, іске асырылуы және әсері тұрғысынан маңыздылығына байланысты ұлттық бюджеттік процесс талқыланады. Бюджеттік көрсеткіштер жаңартылды. Қашан да көп талқынатын Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау инспекциясының қызметіне және бюджеттік процеске қатысты жаңа мысалдар берілген. Уақыт өте келе күрделене түскен партиялар арасындағы теңгерімді бюджетке қатысты талассыз күрес оқиғасы өзгертіліп, жаңартылды.

«Саясатты іске асыру» атты 6-тарауда мемлекеттік саясатты іске асыру немесе басқаруды түсіндіру үшін көптеген мәселенің басын шаламын. Мұндағы өзгерістер президент және іске асыру, агенттіктің ережелерді әзірлеуі, «Ядролық қалдықтарды жою туралы» Заңның (*Nuclear Waste Disposal Act*) сәтсіздігі, салық шығындары және «либертариандық патернализм» туралы жаңа материалдарды қамтиды.

«Саясаттың әсері, оны бағалау және өзгерту» деп аталатын 7-тарауда саясаттың әсері, оны бағалау және тоқтату мәселесі қарастырылады. Мұнда көптеген өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Азық-түлік қауіпсіздігі, «Жаңа бастама» (*Head Start*) бағдарламасы және саясатты тоқтату туралы көптеген мағлұмат берілді. Сондай-ақ әуе жолдарының дерегуляциясына қатысты қорытынды кейс-стади жаңартылды. Эконом-кластағы жолаушының жағдайы шынында жақсарды ма?

«Қорытынды» атты 8-тарауда тек қана қорытынды тұжырымдар берілмеген. Сондай-ақ тақырыпқа жаңа мағлұматтар қосылып, америкалық саясатты қалыптастыру процесі туралы ақпараттық эссе ұсынылған.



## Ілеспе веб-сайт

Бұл басылымның ерекшелігі – оқытушы мен студенттерге қосымша ресурстар ұсынатын ілеспе веб-сайттың болуы. Оқытушының веб-сайтында презентацияларға арналған *PowerPoint* слайдтары, аудиториядағы жұмыстарға арналған идеялар, ұсынылған тақырыптар және оқытушының нұсқаулығы бар. Студенттің веб-сайтында мәтіндік терминдер, сөзжұмбақтар, тесттер және тараудың мазмұнына арналған карточкалар бар. Ілеспе веб-сайтқа мына сілтемеден кіре аласыз: [login.cengage.com](http://login.cengage.com).



## Алғыс

Басылымды дайындауға көмектескендердің барлығына алғыс айтқым келеді. Кітапты Cengage Learning-тің өтініші бойынша бірнеше ғалым алдын-ала қарап шықты. Олар кітапты өзгертуге және жақсартуға қатысты көптеген жақсы идеялар мен ұсыныстар айтты. Ұсыныстардың барлығын бірдей қабылдаған жоқпын және кейбіріне оң жауап бере алмадым. Жалпы алғанда, олардың үлесі зор. Мәтінді қарап, бағаларын, ескертулері мен ұсыныстарын айтқан төмендегі профессорларға алғысым шексіз:

Майк Абельс (Орталық Флорида университеті)

Джеффри М.Брауэр (Кистон колледжі)

Уильям Дойл (Вандербильт университеті)

Шанкар Прасад (Нью-Йорк университеті Вагнер Жоғары мектебі)

Стивен Сусман (Барри университеті)

Техас A&M университетінде және басқа мекемелерде жұмыс істейтін әріптестер ақпарат пен кеңестер берді. Кэрри Килпатрик кітаптың қолмен жазылған нұсқасын компьютерде тез және мұқият теріп берді. Альберта Андерсон менімен бірге қайта қарап шықты. Ол маған ғылым жолында қолдау көрсетіп, ұзақ уақыттан бері өміріме оң ықпал етіп келеді. Cengage Learning-тен Каролин Меррилл мен Эйрен Аспелл түзетулерге көмектесті, маған шабыт беріп, кітапты сәтті аяқтауыма қолғабыс тигізді. Осы басылымға арналып жазған оқытушы нұсқаулығының авторы Джеффри М.Брауерге (Кистон колледжі), сондай-ақ LEAP Publishing Services, Inc. баспасының бас редакторы Жан Финдлиге алғыс білдіремін.

Кітаптағы кез келген кемшіліктерге, фактілердегі қателіктерге және қате жасалған тұжырымдарға өзім жауаптымын. Кемшіліктерді тауып хабарлаған оқырмандарға алғыс айтамын. Кезінде президент Ричард М.Никсон «*Laugh In*» атты телебағдарламада айтқандай: «кемшіліктер болса, оларды маған қалдырыңыз».